

**«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
 КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
 БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ**  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
 ТОЛЫҚТЫРЫДАН ЕҢГІЗЛГЕН  
 № 26910 БҮЙРЫГЫ  
31 ақтүң  
**ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
 ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
 ВНЕСЕМЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ**  
 ПРИКАЗ № 26910 2021-  
31 ақтүң

**«16» тамыз 2021 жылы  
 «Еуразиялық банк» АҚ  
 жалғыз акционердің  
 шешімімен  
 БЕКІТІЛДІ**

**«Еуразиялық банк»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қ.

## **МАЗМҰНЫ**

### **I ТАРАУ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1-бап. Банк атапу
- 2-бап. Банк пен оның атқарушы органдың орналасқан жері
- 3-бап . Банктің күкілткың мәртебесі
- 4-бап. Банк қызметінің мақсаттары мен түрлері
- 5-бап. Банк пен оның акционерлерінің жауапкершіліктері
- 6-бап. Банк филиалдары мен өкілдіктері
- 7-бап. Банктің еншілес ұйымдары

### **2-тарау Банк мүлкі мен капиталы**

- 8-бап. Банк мүлкі
- 9-бап. Банктің жарғылық капиталы
- 10-бап. Резервтік капиталы (резервтік қор)
- 11-бап. Банктің таза табысы
- 12-бап. Банк провизиялары (резервтері) мен басқа қорлары

### **3-тарау. Банктің бағалы қағаздары**

- 13-бап. Банктің акциялары
- 14-бап. Банктің басқа бағалы қағаздары
- 1-бап. Банк акцияларын ұстаушы тізбелерін жүргізу
- 16-бап. Банк дивидендерін төлеу тәртібі
- 17-бап. Айырбасталатын бағалы қағаздар
- 18-бап. Банк акционерлерінің күкілткытары мен міндеттері
- 19-бап. Банктің ірі акционерінің күкілткы

### **4-тарау Банк басқармасы**

- 20-бап. Банк органдары

#### **4.1.-бөлім Жалпы акционерлер жиналышы**

- 21-бап. Жалпы акционерлер жиналышы
- 22-бап. Жалпы акционерлер жиналышының күзыреті
- 23-бап. Жылдық жалпы акционерлер жиналышы
- 24-бап. Жалпы акционерлер жиналышының күн тәртібін қалыптастыру
- 25-бап. Жалпы акционерлер жиналышын дайындау және шақыру тәртібі
- 26-бап. Кезектен тыс жалпы акционерлер жиналышы
- 27-бап. Жалпы акционерлер жиналышын жүргізу туралы хабарлау тәртібі
- 28-бап. Жалпы акционерлер жиналышындағы күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдардың қалыптастыру тәртібі
- 29-бап. Жалпы акционерлер жиналышын жүргізу тәртібі
- 30-бап. Жалпы акционерлер жиналышын қайтадан жүргізу тәртібі
- 31-бап. Жалпы акционерлер жиналышында дауыс беру тәртібі
- 32-бап. Жалпы акционерлер жиналышында бетпе-бет дауыс беру арқылы шешім қабылдау
- 33-бап. Жалпы акционерлер жиналышында сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау

#### **4.2.-бөлім. Директорлар кеңесі**

- 34-бап. Директорлар кеңесі
- 35-бап. Директорлар кеңесінің күзыреті
- 36-бап. Директорлар кеңесінің құрамы
- 37-бап. Директорлар кеңесінің Төрағасы

- 38-бап. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату
- 39-бап. Директорлар кеңесі отырысын жүргізу тәртібі
- 40-бап. Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру арқылы шешім қабылдауы
- 41-бап. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

#### **4.3.-бөлім. Басқарма**

- 42-бап. Басқарма
- 43-бап. Басқарманың құзыреті
- 44-бап. Басқарма отырысын жүргізу тәртібі
- 45-бап. Басқарма шешімін қабылдау
- 46-бап. Басқарма Төрағасы мен оның құзыреті

#### **4.4.-болім Банктің лауазымдық тұлғаларының жауапкершіліктері мен қызмет қағидалары**

- 47-бап. Банктің лауазымды тұлаға қызметтерінің қағидалары
- 48-бап. Банк лауазымды тұлғаларының жауапкершіліктері

#### **5-тарау. Банктің қаржы есептілігі мен аудиті, ақпараттарды ашу және ұсыну**

- 49-бап. Қаржы есептілігі мен есебі
- 50-бап. Аудит
- 51-бап. Банктің ішкі аудит қызметі
- 52-бап. Ақпараттарды ашу және ұсыну тәртібі

#### **6-тарау Банк қызметін тоқтату шарты**

- 52-бап. Банкті қайта құру
- 53-бап. Банкті тарату

#### **7-тарау. Жарғының басқа ережелері**

## **1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Осы Жарғы бұдан әрі "Банк" деп аталағы "Еуразиялық банк" акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін, Банктің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу негіздерін, сондай-ақ қызметін тоқтату шарттарын айқындайтын құжат болып табылады. Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленді.

### **1-бап Банк атауы**

#### **1. Банктің толық атауы:**

- а) мемлекеттік тілде - "Еуразиялық банк" акционерлік қоғамы, "Еуразиялық банк" АҚ;
- б) орыс тілінде - Акционерное общество «Евразийский банк», АО «Евразийский банк»;
- в) ағылшын тілінде - Joint Stock Company «Eurasian Bank», JSC «Eurasian Bank».

#### **2. Банктің қысқартылған атауы:**

- а) мемлекеттік тілде - "Еуразиялық банк";
- б) орыс тілінде - АО "Евразийский банк";
- в) ағылшын тілінде - JSC «Eurasian Bank».

### **2-бап. Банк оның атқарушы органдының орналасқан жері**

1. Банктің орналасқан жері: пошталық индексі A25Y5K2, , Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56.

2. Банк атқарушы органдының орналасқан жері (Басқарманың): пошталық индексі A25Y5K2, қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56.

### **3-бап . Банктің құқықтық мәртебесі**

1. Банк-осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға.

2. Банк қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – АҚ туралы Зан), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Банктер туралы Зан), қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органдың нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі-нормативтік құқықтық актілер) басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттармен (келісімдермен), осы Жарғымен, Банк акционерлерінің (акционерінің) жалпы жиналысының, Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерімен, сондай-ақ банктің ішкі нормативтік құжаттарымен танысуға құқылы.

3. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге уәкілетті органдың лицензиясының болуымен айқындалады.

4. Банктің меншік нысаны - жеке.

5. Банктің мөрі, мөртабаны мен өзінің атауы мен тауарлық белгісі бар бланкісі (қызмет көрсету белгісі) болады.

6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкті басқару процесінде туындастырылған қатынастарды, оның ішінде Банктің акционері (-лері), Банктің Директорлар кеңесі (бұдан әрі-директорлар кеңесі), Банк Басқармасы (бұдан әрі – директорлар Кеңесі) арасындағы қатынастарды реттейтін Банк акционерлерінің жалпы жиналысы (бұдан әрі-акционерлердің жалпы жиналысы) бекітеттін корпоративтік басқару кодексін қабылдайды (бұдан әрі-кодекс) – Және аудиторлар арасындағы қатынастарды, сондай-ақ банктің уәкілетті алқалы органдары мен банктің өзге де лауазымды адамдары, оның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері арасындағы қатынастарды реттейді.

7. Банктің әрекет ету мерзімі шектелмейді.

#### **4-бап. Банк қызметінің мақсаттары мен түрлері**

1. Табыс тарту Банк қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.
2. Банк қажетті лицензиялар болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық немесе белгілі бір банктік және өзге де операцияларды ұлттық валютада да, шетел валютасында да жүзеге асырады.
3. Банк қажетті лицензиялары болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыра алады.
4. Банк екінші деңгейдегі банктер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыруға құқылы. Егер қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін үәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда, Банк қызметтің осы түрін тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) белгіленген тәртіппен және оларға сәйкес алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.
5. Банк "электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес куәландыруыш орталықтың функцияларын орындауга құқылы

#### **5-бап. Банк оның акционерлерінің жауапкершіліктері**

1. Банктің меншік құқығында оқшауланған мүлкі болады және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды және міндеттерді сатып ала алады және жүзеге асыра алады, сotta талапкер және жауапкер бола алады. Банктің дербес тенгерімі мен корреспонденттік шоттары болады.
2. Банк өз мүлкінің шегінде өз міндеттері бойынша жауапкершілікте болады. Банктің өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3. Банк акционері Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде банк қызметіне байланысты залалдар тәуекелін кетереді.
4. Мемлекет өзіне осындан міндеттемелер қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

#### **6-бап. Банк филиалдары мен өкілдіктері**

1. Банк Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы.
2. Банктің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және Банктің атынан әрекет етеді және олар туралы ережелер негізінде өз функцияларын жүзеге асырады.
3. Филиал мен өкілдіктердің басшылары өздеріне берілген өкілдіктер шегінде сенімхат негізінде әрекет етеді.

Филиалдар мен өкілдіктер қызметтерді Банк атынан жүзеге асырады. Банк филиал мен өкілдік қызметтері үшін жауапты.

Банк филиалының бір облыс (республикалық мағынадаға қалалар, астаналар) шегінде бірнеше мекенжай бойынша орналасқан үй-жайлары (бөлімшелері) болуы керек.

4. Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының және олардың аумағында орналасқан мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

#### **7-бап . Банктің еншілес ұйымдары**

Банк Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де Қазақстан Республикасы мен оның аумағында өздері құрылатын мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өзінің еншілес ұйымдарын құруға құқылы.

## **2-тaraу Банк мұлкі мен капиталы**

### **8-бап. Банк мұлкі**

1. Банктің мұлкі меншік құқық бойынша өзіне тиесілі.
2. Банк мұлкін қалыптастыру көздері:
  - 1) сатылған акциялардан түсken қаражат;
  - 2) оның қызметінен алынған табыстар;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған басқа көздер.

### **9-бап Банктің жарғылық капиталы**

1. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшы) акция төлеуі арқылы олардың бастапқы құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары арқылы қалыптасады.
2. Банк жарғылық капиталы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы артады.

### **10-бап . Резервтік капиталы (резервтік кор)**

1. Банк қызметі нәтижесінде немесе онымен байланысты банктің шығындарын жабу үшін, Банк резервтік капиталды уәкілдепті орган белгілелеген ең аз мөлшерден кем емес көлемде қалыптастырады.

2. Резервтік капитал қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеуге дейін Банктің таза табысы есебінен құрылады. Резервтік капиталдың мөлшері, сондай-ақ оның есептеу тәртібі мен оны пайдалану тәртібін Банктің жылдық жалпы акционерлер жиналысында анықталады. резервтік капитал Банктің ертеректе қалыптастырган жалпы акционерлер жиналысында басқа мақсаттарға үлестірілуі мүмкін.

### **11-бап Банктің таза табысы**

Банктің таза табысы - банктің салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндепті төлемдерді төлеу қызметі нәтижесінде алатын табысы Банктің меншігінде қалады және резервтік капиталды, Банктің басқа корларын толтыру үшін, акциялар бойынша дивидендтерді төлеу, сондай-ақ Банктің дамуы мен Жарғы мен Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Жалпы акционерлер жиналысынің шешімімен көзделген басқа мақсаттарға бағытталады.

### **12-бап Банк провизиялары (резервтері) мен басқа қорлары**

1. Банк қорларын пайдаланудың түрлері мен тәртібі туралы мәліметтерді Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Банк үшін қажетті немесе міндепті өзге де банк қорларын құра алады.

2. Өзге қорларды қалыптастыру тәртібі, мөлшері, тагайындауы, принциптері, қалыптастыру көздері және пайдалану тәртібі (олар қажет болған немесе міндепті болған кезде) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және банк органдарының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жүргізілетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес өз қызметін бақылаудың тиісті деңгейін және сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес провизиялар (резервтер) құруға міндепті. Мұндай провизияларды (резервтерді) пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

### **3-тaraу. Банктің бағалы қағаздары**

#### **13-бап Банктің акциялары**

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жай және артықшылықты акцияларды шығаруды жүзеге асырады.

2. Акциялар бөлінбейді.

3. Банктің акциялары орналастырылған кезде тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен төленуге тиіс.

4. Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, банкте таза кіріс болған кезде дивидендтер, сондай-ақ банк таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлерінің алдында алдын ала белгіленген кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қолданылып жүрген зандарда белгіленген тәртіппен оны тарату кезінде қалған банк мүлкінің бір бөлігін алуға басым құқығы бар.

6. Банктің артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайзызинан аспауга тиіс.

7. Артықшылықты акция акционерге банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді, егер:

1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екінші шектеу қоюға дауыс берген жағдайдаған мүндай мәселе бойынша шешім қабылданған деп есептеледі;

2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайды;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап, үш ай ішінде толық мөлшерде төленбекен.

#### **14-бап Банктің басқа бағалы қағаздары**

1. Банк одан әрі қызмет ету үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар және бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға құқылы. Облигациялардың меншік иелеріне банкті басқаруға қатысу құқығы берілмейді.

2. Облигацияларды шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Банк облигациялар шығаруды бағалы қағаздар нарығы туралы зандарға сәйкес жүзеге асырады. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу және облигацияларды өтеу оларды шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **1-бап. Банк акцияларын ұстаушы тізбелерін жүргізу**

1. Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуі орталық депозитарий онымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

2. Акционерлердің қол қойылған және толық төленген акция құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акция ұстаушылардың тізілімдік жүйе үзінділері болып табылады.

#### **16-бап. Банк дивидендтерін төлеу тәртібі**

1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, банктің ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

2. Артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банк органдарының шешімін талап етпейді.

3. Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

4. Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге осындай төлем акционердің жазбаша келісімі болған кезде, банктің жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.

5. Банктер туралы заңда, АҚ туралы заңда көзделген жағдайларда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

6. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең үшін банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана тоқсанның, жартышылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша және акционерлердің жалпы жиналышының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышында жыл қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу немесе төлемеу туралы шешім қабылданады және онда АҚ туралы заңда көзделген мәліметтер болуға тиіс.

8. Дивидендтерді төлеу акционерлердің жалпы жиналышы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап, күнтізбелік 90 (токсан) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталған күннің алдындағы күні жасалынуы тиіс. Банкте немесе бағалы қағаз ұстаушы тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаган жағдайда, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

9. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдік берілген мөлшерін төлеу қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік алғашқы жиырма бес күн ішінде жылына бір рет жүзеге асырылады. Артықшылықты бір акцияга арналған дивидендтің кепілдік берілген мөлшері 250 теңге мөлшерінде белгіленеді.

10. Банктің артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезең үшін Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауга тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізілімі дивидендтер төлеу жүргізілетін қаржы жылының соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша тіркеледі.

11. Дивидендтерді алу құқығы бар және банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінде өзекті деректемелері бар акционерлерге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

12. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталғанға дейін, бес жұмыс күні ішінде банк қаржылық есептілік депозитарийінің интернет - ресурсында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы ақпаратты АҚ туралы Заңның 23-бабы 1),2),4),5) осы тармақшаларындағы мәліметтерді көрсете отырып, қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті

13. Орналастырылмаған немесе банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналышы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

14. Дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпүл төленеді.

## 17-бап. Айырбасталатын бағалы қағаздар

1. Банктің айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар.

2. Банктің Банк акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруы Банктің жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жүзеге асырылады.

3. Бағалы қағаздарды айырбастаудың шарттары, мерзімдері мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылым андаттасында айқындалады.

4. Банктің бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **18-бап. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

1. Банк акционерлерінің құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен банкті басқаруға қатысу;

2) өз бетінше немесе басқа акционерлер жиынтығында дауыс беретін акциялардың бес және одан да көп пайызын иеленген кезде директорлар Кеңесіне АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу үсіну;

3) дивидендтерді алуға;

4) акционерлердің жалпы жиналышында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде банктің қаржылық есептілігімен танысуға;

5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұсташыдан оның бағалы қағаздарының меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;

6) Банк акционерлерінің жалпы жиналышына Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді үсіну;

7) Банк органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

8) дербес немесе басқа акционерлер жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленген кезде Банктің лауазымды адамдарының банкке келтірген залалдарын өтеу және Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға үсінис) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының банкке қайтаруы туралы талаппен АҚ туралы заңда көзделген;

9) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап, күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға құқылы;

10) банк таратылған жағдайда, мүліктің бір бөлігін алуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен Банктің акцияларына айырбасталатын акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

12) АҚ туралы заңда көзделген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналышының қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға.

2. Артықшылықты акцияларды иеленуші Банк акционерінің құқығы:

1) жай акция меншік иелері - акционерлерінің алдында кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға артықшылықты құқық;

2) банкті басқаруға қатысуға, егер:

Банк акционерлерінің жалпы жиналышы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;

Шешім қабылдау артықшылықты акция иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерге артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту, артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау туралы (туралы) мәселелер жатады;

б) Банк акционерлерінің жалпы жиналышы банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарайды;

в) "АҚ туралы" Заңның 22-бабының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап, үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеген;;

г) Банк акционерлерінің жалпы жиналышы артықшылықты акцияларды банк ұйымдастырылмаған нарықта АҚ туралы Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер оны Құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды.

3. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Банк акционері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына қатысуға және өзі қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

4. Дербес немесе басқа акционер жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер бір мезгілде келесі шарттар болған кезде Директорлар кеңесі мен (немесе) Басқарманың жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

1) соттың Директорлар кеңесі мен (немесе) басқарманың осы мүшесінің өзі (өздері)не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Банк акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін анықтауы;

2) егер Директорлар кеңесі мен (немесе) басқарманың аталған мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі банк залалдарының туындауына әкеп соққаны дәлелденсе.

5. Банк акционерлерінің банктің бағалы қағаздарын салуға құқығы бар. Егер кепіл талаптарында өзгеше көзделмесе, Банк акционерінің дауыс беру және өзі кепілге салған банк акциясы бойынша дивидендер алуға құқығы бар.

6. Банк акционерінің міндеті:

1) акцияларды төлеу;

2) он жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауга міндетті.

## **19-бап. Банктің ірі акционерінің құқығы**

Ірі акционердің құқығы:

1) Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап етуге немесе оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) аудиторлық ұйымның өз есебінен банк аудитін жүргізуін талап етуге.

## **4-тaraу Банкті басқару**

### **20-бап. Банк органдары**

1. Банк органдары:

1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналышы (барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі болған жағдайда - аталмыш акционер);

2) басқару органы - Директорлар кеңесі;

3) атқаруши орган - Төраға басқаратын Басқарма (бұдан әрі - Басқарма Төрағасы).

2. Акционерлердің жалпы жиналыштары мен директорлар Кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы тағайындалады.

Акционерлердің жалпы жиналышының хатшысын тандау тікелей акционерлердің жиналышында жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Корпоративтік хатшы-Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесі тағайындастын және оған есеп беретін банктің қызметкери. Корпоративтік хатшының қызметі мен құзыреті Банктің ішкі нормативтік құжаттары арқылы анықталады.

#### **4.1.-бөлім Жалпы акционерлер жиналышы**

##### **21-бап. Жалпы акционерлер жиналышы**

1. Акционерлердің жалпы жиналышы акционерлерді шағықру арқылы құрылады.

2. Егер барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналыштары өткізілмейді және акционерлердің жалпы жиналышының нормалары қолданылмайтын болса, мұндай АКЦИОНЕР барлық шешімдерді жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылышты акциялармен куәландырылған құқықтарға нұқсан келтірмейтін және оларды шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс. Егер жалғыз акционер немесе барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылса, онда шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және осындай заңды тұлғаның Жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар орган, лауазымды адамдар немесе заңды тұлғаның қызметкерлері қабылдайды.

3. Акционерлердің жалпы жиналыштары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

4. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру және өткізу тәртібі АҚ туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, осы Жарғы арқылы айқындалады.

5. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналышын қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналышы Алматы қаласында өткізіледі

##### **22-бап. Жалпы акционерлер жиналышының құзыреті**

1. Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) банктің бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ олардың өзгерістерін анықтау;

6) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды етеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) банк аудиті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

9) жылдық қаржы есебін бекіту;

10) Банктің есепті қаржы жылышындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеумеу туралы шешім қабылдау;

12) банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

13) Банктің есепті қаржы жылышындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14) акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы банктің акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;

15) Банк артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта АҚ туралы Занға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны Құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);

16) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;

17) акционерлерге банк қызметі туралы ақпараттарды ұсыну тәртібін анықтау

18) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

19) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудын шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

20) нәтижесінде Банк активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күнінде құны Банк активтері баланстық құны жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайзызын құрайтын мүлікті банк сатып алатын немесе иеліктен шығару нәтижесінде (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені жасау туралы шешім қабылдау;

21) Акционерлердің жалпы жиналышы құзыретіндегі осы жарғы мен (немесе) АҚ туралы занға жатқызылған шешімдерді қабылдау, басқа сұрақтар.

2. Осы баптың 1-тармағының 2)-4) және 15) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

3. Акционерлердің жалпы жиналышы орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде осы баптың 1-тармағының 19) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім қабылдаған кезде артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі осындай шешім үшін дауыс берген жағдайда гана қабылданды деп есептеледі.

4. Егер АҚ туралы Занда және (немесе) осы жарғыда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналышының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысадын Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

6. Акционерлердің жалпы жиналышы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

### **23-бап. Жылдық жалпы акционерлер жиналышы**

1. Банк жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналышын жүргізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналстары кезектен тыс болып табылады.

2. акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналышында:

1) Банктің жылдық қаржы есептілігі бекітіледі;

2) банктің өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі мен Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің Банк пен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері туралы мәселелері мен оларды қарастырылыштары қаралады.

3. Директорлар кеңесінің тәрағасы Банк акционерлеріне Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде өткізілуге тиіс.

## **24-бап. Жалпы акционерлер жиналышының күн тәртібін қалыптастыру**

1. Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін қалыптастырады.

2. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналышының күн тәртібінде АҚ туралы Занда және осы Жарғының 23-бабының 2-тармағында көзделген міндепті мәселелерді қоса алғанда, талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі болуы тиіс.

3. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышты ашу кезінде Директорлар Кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауга міндепті.

4. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту Банктің жиналышта ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көшілік даусымен жүзеге асырылады.

5. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышының күн тәртібіне:

1) Банк акционерлеріне мұнданы толықтырулар туралы акционерлердің жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін, он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда, дербес немесе басқа акционерлер жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер немесе Директорлар Кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) оларды енгізу үшін банктің дауыс беретін акциясының кемінде тоқсан бес пайыз жиынтығына иелік ететін және акционерлердің жалпы жиналышына қатысатын акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көшілік дауысына ие болған толықтырулар мен (немесе) өзгертулер.

6. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.

7. Акционерлердің жалпы жиналышы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

8. Акционерлердің жалпы жиналышы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

9. Күн тәртібінде, "әр түрлі", "өзге", "басқалар" деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және соларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

## **25-бап. Жалпы акционерлер жиналышын дайындау және шақыру тәртібі**

1. Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналышын шақырады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы міндепті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

3. Акционерлердің жалпы жиналышын

1) Басқарма;

2) Орталық депозитарий онымен жасалған шартқа сәйкес;

3) Директорлар кеңесі;

4) Банктің тарату комиссиясы

4. Ақ туралы занда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк акционерлердің жалпы жиналышын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды көтереді.

5. Банк органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналышын шақырудың АҚ туралы занда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналышы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

6. Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Орталық депозитарий банк акцияларын ұстаушы тізілім жүйесі деректерінің негізінде жасайды. Аталған тізімді жасау күні акционерлердің жалпы жиналышын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бүрын белгіленуі мүмкін емес.

7. Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиіс мәліметтерді үәкілетті орган айқындайды.

8. Егер акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналышына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте акциялардың меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

9. Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу күні мен уақыты жиналышқа оған қатысуға құқығы бар адамдардың ең көп саны қатыса алатындей етіп белгіленуі тиіс.

## **26-бап. Кезектен тыс жалпы акционерлер жиналышы**

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышынан басқа барлық өткізілетін шаралар кезектен тыс болып табылады.

2. Кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналышы төмендегілердің бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) ірі акционер;

3. Ірі акционерлердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы туралы талабы Директорлар кеңесіне Басқарманың орналасқан жеріне осында жиналыштың күн тәртібінен тұратын сәйкес жазбаша хабарлама жолдау арқылы ұсынылады.

4. Егер ірі акционер (акционерлер) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы талапты қойған жағдайда, онда осында жиналышты шақыруды талап ететін акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап ететін адам (адамдар) қол қояды.

6. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осында шешім қабылданған кезден бастап, үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабар жіберуге міндетті.

7. келесі жағдайларда Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақырудан бас тарту туралы шешімі орын алады:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы талап қоюдың осы бапта белгіленген тәртібі сақталмаған болса;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе;

8. Директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақырудан бас тарту туралы шешімімен келіспеушілік сотта қарастырылуы мүмкін.

9. Егер АҚ туралы заңда белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап ететін тұлға Банкті акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

10. Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын өткізу туралы оның талаптарын орындауда, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы банктің ірі

акционерінің талап арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізу мүмкін.

11. Банктің тарату комиссиясы ерікті тарату процесіндегі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруы, дайындауды және өткізу мүмкін.

### **27-бап. Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу туралы хабарлау тәртібі**

1. Акционерлерді алдағы уақытта өтетін акционерлердің жалпы жиналысы туралы отыз күн бұрын хабардар ету керек, ал бір немесе бірнеше акционерлерге пошта байланысы арқылы хабарланған кезде сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда, жиналыс мерзімінен қырық бес күн бұрын хабарлануы тиіс.

2. Акционерлердің жалпы жиналасының күн тәртібіне үәкілетті органдардың талаптары бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген пруденциялық және басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында жарияланған Банктің акция санын арттыру туралы мәселені енгізген жағдайда, акционерлерге акционерлердің алдағы жалпы жиналысы өткізілетін туралы - он жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал оларды өткізу кезінде сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға және (немесе) акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

4. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жіберіледі.

5. Шешімдері көзбе-көз немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысын шақырган бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақыты, сондай-ақ акционерлердің, егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуге тиіс жалпы жиналысы қайта өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;
- 7) сырттай дауыс беру тәртібі;
- 8) оларға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

6. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада аралас дауыс беру кезінде осы баптың 5-тармағының 1-8) тармақшаларында жоғарыда көзделген ақпаратқа қосымша бюллетенъдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысын шақырган бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 4) бюллетенъдерді сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін берудің басталу және аяқталу күні;
- 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу мерзімі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 7) Банк акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;

- 8) дауыс беру тәртібі;
- 9) оларға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

#### **28-бап. Жалпы акционерлер жиналысындағы күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарды қалыптастыру тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс.

2. Банк органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай - ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкпен үлестес болу туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған үміткер қандай акционердің өкілі болып табылатыны немесе ол Банктің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

4. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер акционер не Банктің акционері болып табылмайтын және директорлар Кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Банктің дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясина шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционерлердің Банк пен оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін басқарма орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен кемінде он күн бұрын дайын және қол жетімді болуы тиіс.

7. Акционердің сұрау салуы болған кезде-акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар оған сұрау салу алынған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде), құжаттардың көшірмелерін дайындау мен құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.

#### **29-бап. Жалпы акционерлер жиналысын жүргізу тәртібі**

1. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетеңдер берілген күні, не сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде бюллетеңдерді беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы

жиналышы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

2. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетенъдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетенъдермен берілген және акционерлердің жалпы жиналышына қатысуышылдыры тіркеу кезінде Банк алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шыгару кезінде ескеріледі.

3. Акционерлердің жалпы жиналышын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаса, онда акционерлердің жалпы жиналышы қайталап өткізілмейді.

4. Акционер келесі талаптарды сақтай отырып, акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзі өкілі арқылы дауыс беруге құқылы:

1) Басқарма мүшелерінің акционер өкілдері ретінде жалпы акционерлердің жалпы жиналышында сөз сөйлеуге құқығы жоқ;

2) мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, банк қызметкерлерінің акционерлердің жалпы жиналышында акционер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ;

3) акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналышына қатысуына және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруіне сенімхат талап етілмейді.

5. Келген акционерлерді акционерлердің жалпы жиналышы ашылғанға дейін (акционер өкілдерін) тіркейді. Акционер өкілі акционерлердің жалпы жиналышына қатысу және дауыс беру өкілдегін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

6. Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналышының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетенъдері ескеріледі.

7. Акционерлердің бетпе-бет тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына келген Акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

8. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционер өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беру құқығы жоқ.

9. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Банк акционері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышына қатысуға және өзі қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

10. Егер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналышының шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған өзге адамдар шақырусыз қатыса алады. Мұндай адамдардың акционерлердің жалпы жиналышында сөз сөйлеу құқығы акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен белгіленеді.

11. Акционерлер Банктің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған байланыс құралдарын пайдалана отырып, бетпе-бет тәртіппен, қашықтықтан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналышының отырысына қатысуға құқылы.

12. Акционерлердің жалпы жиналышы кворум болған кезде, жарияланған уақытта ашылады.

13. Акционерлердің жалпы жиналышы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыштың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, хабарланған уақыттан бұрын ашылмауы тиіс.

14. Акционерлердің жалпы жиналышы акционерлердің жалпы жиналышының Төрағасы (Төралқасын) мен хатшысын сайлайды.

15. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеңдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындауды. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен (Төралқасын) хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушы санының жай кепшілік даусымен қабылданады. Басқарма мүшелері жиналысқа қатысқан барлық акционерлердің Басқармaga кіретін жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында Төрағалық ете алмайды.

16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

17. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысу құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жок.

18. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

19. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

20. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жауап береді.

### **30-бап. Жалпы акционерлер жиналысын қайтадан жүргізу тәртібі**

1. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі басқа күндері тағайындалуы мүмкін.

2. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген жерде өткізілуі тиіс.

3. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.

4. Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысы өткізілмеген жиналыстың орнына күн тәртібінің мәселелерін қарауға құқылы, егер олар:

1) кворумның болмауы себебінен өтпеген акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысатын, жиынтығында Банктің дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайзызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелді.

### **31-бап. Жалпы акционерлер жиналысында дауыс беру тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акция бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізуін рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс беру

2. Акция бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде акционер дауыстарды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткер үшін толық беруі немесе ол Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында бөліп беруі мүмкін. Ең көп дауыс саны берілген үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

3. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеңдер

(бұдан әрі осы бапта - бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетенъдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуы тиіс. Бұл ретте бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетенъдерде:

- 1) мәселенің тұжырымы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;
- 2) "жақтайды", "карсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Банк органдарына әрбір үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

4. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы банкке талап қою мақсатында тілек білдірілген жағдайды қоспағанда, бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

5. бетпе-бет жасырын дауыс беруге арналған бюллетенъдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушілердің бюллетенъде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары ескеріледі.

6. Дауыс беру қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.

7. Акционердің дауыс беруге шығарылған мәсесесі бойынша ерекше пікірі болған кезде акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

8. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін бетпе-бет жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетенъдер), соның негізінде хаттама жасалған бюллетенъдерді акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы хаттамамен бірге тігеді және оны банкте сақтайды.

9. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.

10. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысында жария етіледі, соның ішінде:

1) акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына оларды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы және осы Жарғының 52-бабында айқындалған тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін, күнтізбелік он бес күн ішінде жеткізіледі;

2) акционерлерге дауыс беру қорытындылары туралы хабарлама тікелей әрбір акционерге жіберіледі немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

### **32-бап. Жалпы акционерлер жиналысында бетпе-бет дауыс беру арқылы шешім қабылдау**

1. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен хатшысы қол қоюлары тиіс.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуі тиіс.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Басқармада сақталады және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта берілуі тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

### **33-бап. Жалпы акционерлер жиналысында сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау**

1. Акционерлердің жалпы жиналышының хатшысы акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналышының хаттамасына қол қоюы тиіс.
2. Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналышына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не акционерлердің жалпы жиналышының отырысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.
3. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірынғай нысандағы бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).
4. Банк акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетендерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқылы емес.
5. Дауыс беруге арналған бюллетенъ акционерлер тізіміне енгізілген адамдарға жіберілуге тиіс:
  - 1) пошта байланысы құралдарын пайдаланған кезде, акционерлердің жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін құнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей;
  - 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде, акционерлердің жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін құнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.
6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъде:
  - 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
  - 2) жиналышты шақырған бастамашы туралы мәлімет;
  - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді нақты ұсыну мерзімі;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналышының жабылау мерзімі;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі;
  - 6) егер акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болған жағдайда, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің есімдері;
  - 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;
  - 8) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша "жактайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
  - 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетенъді толтыру) тәртібін түсіндіру.
7. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъге қол қойылуы керек:
  - 1) осы тұлғаның жеке басын қуәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, жеке тұлға - акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі).
  - 2) акционер - занды тұлға оның басшысы (акционер – занды тұлғаның өкілі).
8. Акционердің өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.
9. Жеке тұлға - акционердің не занды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не занды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған Бюллетенъ жарамсыз деп есептеледі.
10. Дауыстарды санау кезінде акционердің (акционердің өкілі) бюллетенъде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстары ескеріледі.
11. Егер акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъде жекелеген үміткерлерге берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған жолдар болуы тиіс.
12. Егер акционерлердің жалпы жиналышының сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезде, тиісті түрде толтырылған бюллетенъдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды неғұрлым ертерек күнмен санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

13. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы жиналыш жабылғаннан кейін, үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

14. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасында:
- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
  - 2) Акционерлердің жалпы жиналышы өтетін күні, уақыты мен орны;
  - 3) акционерлердің жалпы жиналышында ұсынылған Банктің дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналышының кворумы;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі;
  - 6) Жалпы акционерлер жиналышында дауыс беру тәртібі
  - 7) акционерлердің жалпы жиналышының Төрағасы (төралқасы) мен хатшысы;
  - 8) акционерлердің жалпы жиналышына қатысатын адамдардың сөз сөйлеуі;
  - 9) акционерлердің жалпы жиналышының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
  - 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 11) акционерлердің жалпы жиналышы қабылдаған шешімдер.

#### **4.2.-бөлім. Директорлар кеңесі**

##### **34-бап. Директорлар кеңесі**

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

##### **35-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті**

1. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
  - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Банктің даму жоспарын бекіту;
  - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жинальстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
  - 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
  - 7) басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 8) басқарма басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
  - 9) корпоративтік басқару қызметінің, ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және үш жұмыс тәртібін айқындау, осы қызметтердің басшысы мен қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу тәртібін, мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ бас Комплаенс бақылаушыны тағайындау және лауазымнан босату және оның енбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру тәртібін, мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ банк акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (банк қызметін үйімдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде банк қызметіне байланысты тәуекелдерді шектейтін саясаттар мен шараларды және тәуекелдер мониторингін, сондай-ақ аукциондар өткізу және Банктің бағалы қағаздарына жазылу шарттарын белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;

13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

14) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

16) банк міндеттемелерінің оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғаюы;

17) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту;

18) банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де күпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді АҚ туралы Заңның талаптарына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналышы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, жасалуына Банктің мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

20) Банктың үйімдастырушылық құрылымын бекіту;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген сұрақтар тізбесін Басқарма шешіміне беруге болмайды.

3. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес, Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналышының шешімдеріне қайши келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

4. Директорлар кеңесі міндеті:

1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде банк меншігін құқыққа сыйымсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

5. Директорлар кеңесі өздерінің құзыретіне жататын негұрлым маңызды мәселелерді қарау үшін комитеттер, жұмыс органдарын құруға (құруға) құқылы.

6. Тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде банкте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады, олар келесі мәселелерді қарайды:

1) старегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) аудит;

4) тәуекелдермен басқару;

5) Банктің ішкі құжаттарымен көзделген басқа сұрақтар;

Казақстан Республикасы заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттары Директорлар кеңесі комитеттің қалыптастыру тәртібі мен олардың қызметтерін реттейді.

5. Банк өз капиталының он пайызынан астам құны бар активтерді Директорлар кеңесі осы мәмілені алдын ала бекітпей кепілге немесе ауыртпалықтың өзге де нысанына беруіне тыйым салынады.

### **36-бап. Директорлар кеңесінің құрамы**

1. Тек жеке тұлға ағна Кеңес мүшесі бола алады.
2. Директорлар кеңесінің мүшесі Ақ туралы Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес езіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жок.
3. Директорлар кеңесінің мүшелері:
  - 1) акционер-жеке тұлға;
  - 2) директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде сайлануға ұсынылған тұлға;
  - 3) банк акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде сайлауға ұсынылған жеке тұлғадан сайланады.
4. Директорлар Кеңесінде бір орынға бір үміткер дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлердің кумулятивтік жалпы жиналысы дауыс беруге арналған бюллетенъдерді пайдалана отырып, дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Кумулятивтік дауыс беру бюллетені келесі графалардан тұруы керек:
  - 1) директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер тізімі;
  - 2) акционерге тиесілі дауыс саны;
  - 3) акционердің Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткер үшін берілген дауыс саны.
5. Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетенге "қарсы" және "қалыс қалды" нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.
6. Акционер езіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын толықтай бір үміткерге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған үміткерлер Директорлар Кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп үміткер тен дауыс санын жинаған болса, акционерлерге тен дауыс санын алған үміткерлер көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетенъдерін ұсыну арқылы осы үміткерлерге қатысты қосымша кумулятивтік дауыс беру еткізіледі.
7. Басқарма басшысынан басқа, оның мүшелері Директорлар кеңесіне сайланбайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланған алмайды.
8. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамының кем дегенде отыз пайзызы тәуелсіз директорлар боуы керек.
9. Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін адамды Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе мүшесі, Басқарма Төрағасы немесе мүшесі лауазымына тағайындауға (сайлауға) болмайды.
10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шексіз рет қайта сайланған алады.

### **37-бап. Директорлар кеңесінің Төрағасы**

1. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.
2. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
3. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстарды жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда анықталған басқа қызметтерді де жүзеге асырады.
4. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған кезде, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

### **38-бап. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату**

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі өкілдігінің мерзімін белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысының Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

3. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

4. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күн көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

### **39-бап. Директорлар кеңесі отырысын жүргізу тәртібі**

1. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқарма бастамасы бойынша не оның талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметі;
- 3) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер.

2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

3. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

4. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап, күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

5. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

6. Директорлар кеңесі Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін айқындауды.

7. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын ұсынылады.

8. Ірі мәміле және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен қолемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (АҚ туралы Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуға тиіс.

9. Мәміле жасауға мұдделі тұлғалар үш жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесінің назарына олардың мәміле тарабы болып табылатындыры немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

10. Банк мәміле туралы хабарламаны Директорлар кеңесі ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған күннен кейін, үш жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.

11. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

12. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің

кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруға міндettі. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің осындағы кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

13. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

14. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында өкілдік ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

15. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

#### **40-бап. Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру арқылы шешім қабылдауы**

1. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап, үш күн ішінде отырысқа Төрағалық еткен адам және Директорлар кеңесінің хатшысы жасауға және қол қоюға және онда Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген күннен бастап, үш күн ішінде қамтуы тиіс.:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыс ететін жер мен күні, мерзімі;
- 3) отырысқа қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) "жақтап", "қарсы" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша басқа мәліметтер.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге бейне байланыс құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан қатысуға және күн тәртібіндегі мәселелерді нақты уақыт режимінде талқылауға құқылы.

3. Көрсетілген тәсіл арқылы отырысқа қатысу жеке қатысумен тенестіріледі.

4. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі отырыс өткізу орнында болмаған мүшесінің қатысусымен шешімдер қабылдаған кезде, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында Директорлар кеңесінің осы мүшесінің мәселелерді талқылауға және олар бойынша шешімдерді бейне байланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан қабылдауға қатысқандығы көрсетілуі тиіс.

#### **41-бап. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы**

1. шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеңдерде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

2. Бюллетеңде:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
  - 2) дауыс беруді өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;
  - 3) дауыс беруге арналған бюллетеңдерді нақты ұсыну мерзімі;
  - 4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржакты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
  - 5) "жақтап", "қарсы" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
3. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар Кеңесінің Төрағасы мен Хатшысы қол қоюы тиіс.

4. Шешім ресімделген күннен бастап, жиырма күн ішінде ол Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оларға осы шешімді қабылдауга негіз болған бюллетендердің көшірмелері қоса беріледі.

5. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімінде осы Жарғының 40-бабының 1-тармағында көрсетілген мәліметтер болуы керек.

6. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері банкте сақталады.

7. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысуға беруге және (немесе) оған банктің уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімнен үзінді көшірмелер беруге міндетті.

8. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе директорлар кеңесі АҚ туралы Занда және Банктің Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

9. Егер көрсетілген шешіммен Банктің және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заныңды мүдделері бұзылса, Акционер директорлар Кеңесінің АҚ туралы Заңың және банк Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

#### **4.3.-бөлім. Басқарма**

##### **42-бап. Басқарма**

1. Басқарма Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

2. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің санын анықтайды.

3. Банктер туралы заңға сәйкес Басқарма мүшелерінің саны кем дегенде үш адамнан тұрады.

4. Банкінің ірі акционері Басқарма Төрағасы лауазымына тағайындалмайды (сайланбайды).

5. Банктің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

6. Басқарма құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

7. Басқарма Мүшесі директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы жарғы, Банктің ішкі нормативтік құжаттары, сондай-ақ Банктің көрсетілген тұлғамен жасаған еңбек шарты арқылы Басқарма мүшесінің міндеттері мен құқықтары, қызметтері анықталады.

9. еңбек шартына Басқарма Төрағасы мен Банк атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі осыған уәкілеттік берген адам қол қояды.

10. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

11. Директорлар кеңесі өздерінің құзыретіне жататын неғұрлым маңызды мәселелерді қарау үшін комитеттер, жұмыс органдарын құруға (құруға) құқылы.

12. Комитеттерді қалыптастыру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттары арқылы реттеледі.

13. Басқарма өзінің құзыретіне кіретін жекелеген мәселелер бойынша өз өкілеттіктерін Басқарма Төрағасына, комитеттерге және Басқарма құратын өзге де алқалы жұмыс органдарына беруге құқылы.

14. Басқарма Төрағасының бүйрүгіна сәйкес Банк қызметінің бағыттарына жетекшілік ететін басқарма мүшелері өз құзыреті шегінде Банк атынан банк қызметкерлеріне оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Банктің мүдделерін білдіру құқығына сенімхат беруге құқылы.

15. Басқарма Төрағасының бүйрүгі бойынша, Басқарманың жетекшілік ететін мүшесінің (ол болған кезде) қолдаухаты негізінде Банктің дербес құрылымдық бөлімшелерінің және олардың құрамына кіретін бөлімшелердің басшылары өз құзыretі шегінде үшінші тұлғалармен қатынастарда Банктің мүдделерін білдіруге Банк қызметкерлеріне сенімхат беруге құқылы.

16. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Банктің басқа органдары мен дауазымды тұлғаларының құзыretіне жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

17. Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілуі тиіс.

18. Басқарма мүшесінің дауысын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге болмайды.

19. Қажет болған жағдайда Басқарма мүшелері күндізгі отырысқа байланыс құралдарын пайдалана отырып, қашықтан қатыса алады және құн тәртібіндегі мәселелерді нақты уақыт режимінде талқылай алады. Көрсетілген тәсіл арқылы отырысқа қатысу отырысқа жеке қатысумен теңестіріледі.

#### **43-бап. Басқарманың құзыretі**

1. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

2. Егер мәміле жасалған кезде Тараптардың осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Банк өзінің басқармасы Банк белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуда құқылы.

##### **3. Басқарма**

1) Банк мүддесі үшін әрекет етеді;

2) банктің ағымдағы қызметіне жалпы басшылық етеді;

3) акционерлердің жалпы жиналышына және (немесе) Директорлар кеңесіне материалдар шығарылғанға дейін Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Басқарманың осындай қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарайды және олар бойынша тиісті материалдарды, ұсыныстар мен шешім жобаларын дайындаиды;

4) Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

5) Құжаттарды Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында қарайды және бекітеді;

6) банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді;

7) есеп беру, есептілік және ішкі бақылауды ұйымдастыру сұрақтарын шешеді;

8) Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Басқарманың қарауына енгізілген басқа да мәселелерді қарайды әрі шешеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес және Банктің өзге органдарының құзыretіне жатқызылмаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### **44-бап. Басқарма отырысын жүргізу тәртібі**

1. қажет болған жағдайда Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша немесе оның мүшесінің үштен бір бөлігінің талабы бойынша Банк Басқармасының отырысы шақырылады.

2. Басқарма өзінің құзыretіне жататын және оның қарауына енгізілген мәселелерді, егер оның отырысына Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда, толық шешуге құқылы.

3. Басқарма отырысы кез келген күні (мереке немесе демалыс), кез келген жерде және кез келген уақытта жүргілік мүмкін. Басқарма отырысын жүргізуді Басқарма Төрағасы не оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

#### **45-бап. Басқарма шешімін қабылдау**

1. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарма мүшесінің дауысын басқа тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруге болмайды.

2. Басқарманың шешімі отырысқа қатысушы Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

3. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

2. Басқарма отырысының хаттамаларын жүргізу міндетті және оны Басқарма Банк қызметкерлерінің арасынан тағайындалған отырыс хатшысы жүзеге асырады.

3. Басқарма отырысының хаттамасына Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуы тиіс.

4. Басқарма мүшесі Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда талап етуге құқылы, ал хатшы ерекше пікірді хаттамаға енгізуге міндетті. Басқарма отырысының хаттамасы отырыс өткеннен кейін, үш күннен кешіктірілмей рәсімделеді.

5. Басқарма отырысының хаттамасы Банкте сақталады.

#### **46-бап. Басқарма Төрағасы мен оның құзыреті**

1.Басқарма Төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа занды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға не қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік занды тұлғаның филиалы басшысының лауазымын атқаруға құқығы жок.

2. Басқарма төрағасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Банк атынан және мұддесі үшін сенімхатсыз әрекет етеді және үшінші тұлғалармен мәмілелер жасайды;

3) Банктің үшінші тұлғалармен өкілдік ету және олармен мәміле жсау құқығын береді.

4) Қазақстан Республикасының заннамасына, осы Жарғыға және Банктің өзге ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Банк қызметкерлерін қоспағанда, Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес лауазымдық айлықақылар мен айлықақыларға дербес үстемеақылар мөлшерін белгілейді, олардың сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

5) өзі ресми болмаган жағдайда (демалыста, іссапарда болу, уақытша еңбекке жарамсыздық) өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне не Банктің өзге де басшы қызметкеріне жүктеуге құқылы;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласы мен жауапкершілікті беледі;

7) осы жарғымен және Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері арқылы анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3. Басқарма Төрағасы өзінің құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді шешуді өзінің орынбасарларына, алқалы жұмыс органдарына және/немесе Банктің өзге де қызметкерлеріне тапсыруға және оларға қажетті өкілеттіктерді беруге құқылы.

#### **4.4.-бөлім Банктің лауазымды тұлғаларының қызметтері мен жауапкершіліктері**

##### **47-бап. Банктің лауазымды тұлаға қызметтерінің қағидалары**

1. Банктің лауазымды тұлғалары - Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшесі.
2. Банктің лауазымды тұлға қызметтерінің қағидалары
  - 1) өздеріне жүктелген міндеттемелерді адаптацияның және банк пен акционер мүдделерін білдіретін тәсілдерді пайдаланады;
